

Оразханова Арай,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Аударма ісі» мамандығының 1 курс
магистранты

**АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ «ӘУЕЛДЕ БІР СУЫҚ МҰЗ - АҚЫЛ
ЗЕРЕК» ӨЛЕНІНІҢ ОРЫС ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУ МӘСЕЛЕСІ
(түпнұсқа мен аударманы салыстырмалы талдау)**

Абай Құнанбайұлының «Әуелде бір суық мұз - ақыл зерек» өленің оқи отырып, оның адамгершілік жайында айтып тұрғанын байқауымызға болады. Абай - халықты білімге, ғылымға, еңбекке көп үндеген ақын. *«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек. Жеке-жеке біреуі жарытпайды, Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек. біреуінің күні жоқ біреуінсіз, Ғылым сол үшеуінің жәнін білмек»,* -деп ақылды тереңдетіп, шалқыта түсетін, адамның жігерін, қайратын өсіріп, жөніне жұмсауға жол көрсететін, оны тасыта түсетін, жүректі де ізгілікке, адалдыққа, адамдыққа баулитын, адам бойындағы осы үш қасиеттің басын қосып, оны үлкен әлеуметтік ізгі күшке айналдыратын осы ғылым деген қорытындыға келеді. Абай ғылымның әлеуметтік рөлін терең талдап, қайрат, ақыл және жүрек үшеуін айтыстыра келеді де ғылымға жүгіндіреді. Ғылым жүректің әділеттілік, ұят, рақымшылық, мейірбандық қасиеттерінің артықшылығын қолдайды. Яғни, адам бойында осы үш қасиет бірге болатын болса, нағыз мінсіз мінез, жақсы адам сонда ғана қалыптасады.

Абай Құнанбайұлы	Аркадий Акимович Штейнберг	Әуезхан Әбдіраманұлы Қодар
Әуелде бір суық мұз— ақыл зерек, Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек. Тоқтаулылық, талапты шыдамдылық, — Бұл қайраттан шығады, білсең керек. Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек. Жеке-жеке біреуі жарытпайды,	Острый разум чист, словно пласт ледяной, В непослушливом сердце — кипучий зной. Терпеливую мысль и пылкую страсть В силах ты обуздать лишь волей одной. Только тот, кто сердце и разум скует	Наш холоден Ум, Наподобие льда, Горячее Сердце согреет всегда. Разумность и такт, прозорливость терпенья, В нас Воли рождает тугая узда. Держа в единении Ум, Сердце и Волю, Ты к цельности редкой придешь без труда. Но взяты поврозь, они будут ущербны,

<p>Жол да жоқ жарыместі “жақсы” демек. Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ, Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек. Біреуінің күні жоқ біреуінсіз, Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек</p>	<p>Непреклонной волей, — достигнет высот. Эти свойства не стоят врозь ни гроша, И любое из них тебя не спасет. Что без воли и страсти сила ума? Неразумному сердцу — и в полдень тьма. Разноречье троих сумей сочетать, Этой мудрости учит нас жизнь сама!</p>	<p>Не славят явлений, где много вреда. Живу, неспособный смеяться и плакать, Лишь с сердцем мятущимся, с коим — беда. Ум, Сердце и Воля — ничто друг без друга, А Знанья из сути пронесет сквозь года.</p>
--	---	--

Түпнұсқадағы өлеңді оқи отырып орысша аудармасымен аудару талабы тұрғысынан қарасақ, аударманың мазмұнына, мағынасына қатысты біршама өзгерістер сезіледі. Ақынның ойының нақты мәні толықтай жеткізілмеген.

Біріншіден, жазушы «зерек ақыл мен суық мұз» ұғымын метафора ретінде алған, ал аудармада бұл тенеуге айналып кеткен «чист, словно пласт ледяной» және екінші аудармада да дәл солай «Наш холоден Ум, Наподобие льда». Абайдың "Әуелде бір суық мұз ақыл зерек" өлеңі он жетінші қара сөзбен мағыналас, мазмұндас болып келеді. Бірінші, өлең "Әуелде бір суық мұз — ақыл зерек, Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек"-деп басталады. Менің ойымша, адамның бойындағы ақыл мен жүрек, ыстық пен суық сияқты қарама-қарсы ұғымдар, сондықтан бірін-бірі толықтырып, тепе-теңдік сақтап отырады. Екінші, қара сөзінде ақыл туралы: "Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да - бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның екеуінің де сүйенгені, сенгені - сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман" делінген. Ақыл мұз сияқты қатты күйде болғанымен, ерісе суға айналады. Яғни, мұздың құбылмалы сипатын ақылдың екі жақты көрінісіне теңеген.

«Зерек» сөзі — затқа немесе жануарға байланысты емес, тек қана адамның ішкі қасиетінің ерекшелігіне байланысты қолданылады. Екіншіден, ақынның ойында адамның жаны мен тәні айтылған. Сондықтан «Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек» жолының мазмұнына ерекше мән беріп қараған жөн. Мағына бойынша «ыстық жүрек» және оған жылу берген «тұла бой» арасындағы қатынасқа ерекше назар аудару тиіс. Аудармашылар тиісті терең мағынаға көңіл бөлмеген. А.Штейнберг жүректе ыстық барын айтады, ал сол жүректің қызметіне мән бермеген. Ә.Қодар метафорамен берілген тармақты жеңілдетіп

жеткізеді, сонын салдарынан «тұла бойдың» ең басты мағынасы «зеріктігі» түсіп қалған. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,» тармағын аударғанда Ә.Қодар ғана Абайдың шығармашылығына аса мән беріп, ұғымға көңіл бөліп аударған –«Держа в единении Ум, Сердце и Волю». А.Штейнбергке келер болсақ, шамалы мағынадан ауытқып кеткен. Яғни, Әуезхан Қодардың аудармасы сәтті десек болады.

Тоқтаулылық, талапты шыдамдылық, —

Бұл қайраттан шығады, білсең керек.

Терпеливую мысль и пылкую страсть
В силах ты обуздать лишь волей одной

Разумность и такт, прозорливость терпенья,
В нас Воли рождает тугая узда.

Мына екі жолға қарар болсақ, түпнұсқада адам өз-өзін сабырлыққа шақыруы тек қайраттан шығатыны айтылған. Ал, А.Штейнбергтің аудармасында берілген қасиеттерді сен тек еркіндік арқылы жүгендей алатындығын айтылған. Аудармашы түпнұсқадағы «талапты шыдамдылық» тіркесін «терпеливая мысль» деп аударған. Мұндағы «мысль» сөзі «ой» деп тура аудармада беріледі. Яғни аудармашы түпнұсқадан сәл алыстап кеткен және Абайдың не айтқысы келгенін тура көрсетпеген. Ә. Қодардың аудармасы Абай Құнанбайұлының түпнұсқасына қарағанда, А.Штейнбергтің аудармасына жақын келген. Мұндағы бір мәселе, «узда, обуздать» деген сөздерді «жүгендеу» деп аударамыз, яғни біздің этно-мәдени сөздік қорымыз бойынша, біз бұл сөзді тек атқа байланысты айта аламыз. А.Штейнбергтің аудармасында біз қосуларды байқай аламыз, «тоқтаулылық» сөзін «сдержанность» деп аударатын болсақ, ол «разумность» деп аударған.

Келесі екі тармақтарға келер болсақ, «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», «Только тот, кто сердце и разум скует Непреклонной волей, — достигнет высот», «Держа в единении Ум, Сердце и Волю, Ты к цельности редкой придешь без труда.» Абай – халықты білімге, ғылымға, еңбекке көп үндеген ақын. Бесінші, алтыншы тармақтарда адамның бойындағы ақыл, қайрат, жүректі бірге алып жүрсең ғана, осы үш қасиеттің арқасында көкке жетуге болатындығы айқындалады. Ақылды тереңдетіп, шалқыта түсетін, адамның жігерін, қайратын өсіріп, жөніне жұмсауға жол көрсететінін, оны тасыта түсетін, жүректі де ізгілікке, адалдыққа баулитын, адам бойындағы осы үш қасиеттің басын қосқан А.Штейнберг екі қасиеттің ғана аударған және үшінші қасиет «қайратты» «еркіндік» сөзіне алмастырған. Ә.Қодардың бұл тармақтары сәтті аударылғанын байқай аламыз, сөзбе-сөз болмаса да, мағынасы нақты түпнұсқадағы сияқты аударылған және адекватты (толыққанды) аударма

эквиваленттіліктің белгілі бір деңгейін қамтыған, бірақ, эквивалентті аударма толыққанды аударма бола алмайтындығын білеміз. Сөзбе-сөз емес деген ойдың астарында Абай елден бөлек, ерекше боласын деп айтып өтсе, екі аудармашы да «ақыл, жүрек, қайрат» үшеуі арқылы биік белестерді еш қиындықсыз бағындыра аласын деп аударған. Абай өлеңінде «бірдей ұста» тіркесіне қарай отырып, оның халыққа деген ақыл айтуын байқауға болады, ал А.А. Штейнбергтің аудармасында «только тот» деп берілген. Мұндағы аудармадағы айырмашылықты оқи отырып сезуге болады. Аудармашы елге кеңес бермей, тек осы үш қасиетті бірдей ұсатағандар ғана жоғары шыңдарда көрінетінін айтып тұр.

Жеке-жеке біреуі жарытпайды, Жол да жоқ жарыместі “жақсы” демек (А. Құнанбайұлы) Эти свойства не стоят врозь ни гроша, И любое из них тебя не спасет (А.Штейнберг), Но взяты поврозь, они будут ущербны, - Не славят явлений, где много вреда (Ә.Қодар). Түпнұсқа мен оның екі түрлі аудармасын жолма-жол және шумақ деңгейінде салыстырып қарағанда, Абайдың ойы да, сөзі де мүлде басқа деңгейде шыққаны көзге түседі. Әрине, аудармашылар Абайдың өлеңін орыс тіліне аударып отырғанда, орыс тілінің заңдылықтарын, орыс тілінің көркемдік құралдарын, орыс тілінің лексикалық, фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік мүмкіншіліктерін пайдаланады. Бірақ бұл аудармашыға түпнұсқадан негізсіз ауытқуға жол бермеуге тиісті. Әр ұлт тілінің синтаксистік жүйесінде ерекшелік бары рас, алайда олардың синтаксистік, поэтикалық, лингвопоэтикалық қызметінде үндестік, үйлестік, бірегей жүйе барын естен шығармау керек. Сондықтан түпнұсқаның синтаксистік жүйесіне, басқаша айтсақ, өлеңнің тармақ жүйесіне орынсыз, қажетсіз өзгерістер, толықтырулар енгізу, сөйтіп түпнұсқаның құрылым жүйесін ғана емес, мағыналық-мазмұндық жүйесін де бұрмалау аудармашы шеберлігін таныта алмайды. А. Штейнберг түпнұсқадағы «жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек» секілді авторлық ойды өзінше өзгертіп аударған. А.Штейнбергтің пайдаланып отырған сөздердің эмоциялық, эстетикалық бояуы солғын, Абай Құнанбайұлының күшетпейлі түрдегі мағынасы түсіп қалған. Ақынның өлең тармақтарына белгілі бір дәрежеде қосымша мағына үстеп, оның мазмұнын байытып тұрған – осы сөздер. Соның нәтижесінде ақынның ойы мен ойлауы да кедейленіп шыққан.

Ә.Қодардың аудармасы да ақын өлеңінің мәнін толық жеткізе алмаған. Абайдың тілінде бейнелі, астарлы сөз жоққа тән дедік. Ә.Қодар болса, «ущерб» сөзін қоса отырып, мүлдем ауытқуға келіп соғады. Себебі, ақын мұнда мүлде «зақым» туралы айтып тұрғаны жоқ. Абайдың ойынша үш қасиетті бірдей ұстамаған жаңды неге «жарымес» деп айтпасақ деп тұр. Осылайша, Абайдың өлең тармақтары екі аудармашының аудармасында да сөз, сөз тіркесі деңгейінде, бунақ, тармақ деңгейінде дәл балама дәрежесінде берілмеген. Айтылған жайларға қосымша, екі аудармашы да түпнұсқадағы кейбір тармақтарды өзгертіп немесе тастап кетіп, олардың орнына өздерінің тарапынан басқа тармақтарды қосқан.

Соңғының алдындағы екі тармаққа қарар болсақ *Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ, Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек. (А.Құнанбайұлы), Что без*

боли и страсти сила ума? Неразумному сердцу — и в полдень тьма. (А.Штейнберг), *Живу, неспособный смеяться и плакать, Лишь с сердцем мятущимся, с коим — беда.* (Ә. Қодар). Тармақтардың мағынасы аудармада түпнұсқаға лайықты етіп берілген. Бірақ та, аудармашылар нақтылықты сақтамай, кейбір өзгерістер енгізген. Демек, түпнұсқа мазмұнын көрсеткен деуге болады. Аудармашы Ә.Қодар тәржімесінде Абайдың өлеңі едәуір өзгерістерге ұшыраған. Дегенмен, аудармашы ақын өлеңінің мазмұнын, оның сезім сырын, ақынның көңіл күйін танып, түсініп, толық және дұрыс жеткізген. Аудармашының басты жетістігі – өлеңнің мазмұнын, ішкі эмоциялық байлығын орыс тілінде белгілі дәрежеде дұрыс бере білуінде. Ә.Қодар бұл жерде де өз тарапынан өзгертулер енгізген. Абай «ашу да, ақыл да жоқ, күлкі де жоқ» - десе, аудармашы күлуге де, жылауға да қабылеті жоқ екендігін көрсетеді. Ақын өлеңінде «тулап, қайнап» сөздері «бушевать, кишеть, гневаться» деп аударылатын болса, ол тек «мятущимся» сөзімен берген. Мұндағы «мятущимся» сөзінің жалпы сөздік бойынша берілетін мағынасына қарар болсақ (испытывающий постоянное сильное беспокойство, не находящий себе покоя) – әрдайым мазасыз, өзін қоярға орын таппай жатқан іс-әрекетке сипаттама бергенде қолданамыз. Мұндағы мағына бойынша «жүрек қайнайды және тулайды» деп берілген. Оған қарамастан, аудармашы өзгерістер енгізген болса да, толық мағынаны сақтап қалған деп айта аламыз. А. Штейнбергтің аудармасына келер болсақ: біріншіден сөйлемнің құрылымы өзгергенін анықтаймыз, яғни берілген болымды сөйлем, автоматты түрде сұраулы сөлемге айналып кеткен. Ә.Қодар жүректі «мятущимся» деп сипаттаса, А.Штейнберг «неразумному» деп алған, ал бұл сөздің аудармасы «ақылсыз, жетесіз, жөнсіз» деп аударылады. Қазақ тілі тұрғысынан қарасақ, ешкім жүректі – «ақылсыз жүрек» деп сипаттамайды. Тіпті орыс тіліндегі синонимдері (малоумный, нелепый, несообразный, несуразный, скудоумный, твердолобый, туповатый) сәйкес келмейді. Түпнұсқадағы жекелеген ерекше ұғымдарды, түсініктерді басқа тілде жеткізу аудармашының терең білімді, үлкен еңбекті және ақылдық талант пен шығармашылық шеберлігі талап етеді. Аудармашы үшін ең басты шарт – түпнұсқада көрініс тапқан өмір шындығының мәнісін, ақынның ойлау даралығын, стилін, тіл ерекшелігін білу. Дегенмен, аудармашыға білім сенімді қолдау көрсеткенімен, шығармашылық еңбек жоқ жерде айтарлықтай нәтиже болмайды. Білім мен еңбек ақындық талантпен, шығармашылық шеберлікпен ұштасқанда ғана аударма түпнұсқа деңгейінде, не соған жақын деңгейге дейін көтеріледі.

Өлеңнің соңы мынадай екі тармақпен аяқталады: *«Біреуінің күні жоқ біреуінсіз, Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек»*, яғни ақыл, қайрат, жүрек үшеуін әрдайым қосатын «ғылым». А. Штейнберг ақынның бұл өлең жолдарын *«Разноречье троих сумей сочетать, Этой мудрости учит нас жизнь сама!»*. Мұнда ғылым туралы мүлдем сөз жоқ. Ал Ә.Қодардың аудармасында да түпнұсқадағы ғылымның орнын көрсетпеген *«Ум, Сердце и Воля – ничто друг без друга, А Знанья из суть пронесет сквозь года.»* Яғни аударма сәтсіз деп сенімді түрде айта аламыз. Ақыл, қайрат, жүрек – бұл

үшеуінің бірінсіз бірінің күні жоқ болғанда, олардың жөнін біліп, әрқайсысының орны мен ретін анықтайтын күш – ғылым.

Аудармашы түпнұсқаның мазмұнын, пішінін саралап білумен бірге оның тууына негіз болған өмір құбылыстарының сипатын да жете тануы қажет. Ақынға, ақынның белгілі өлеңінің тууына негіз болған өмір құбылыстарының тобын танып, таразылай отырып, ақынның ойлау, сезіну даралығын, оның шығармашылық тұрғысы мен нысанасын түсінгенде ғана аудармашының еңбегі шығармашылық дәрежеге көтеріліп, поэтикалық қасиет иелене алады. Әйтсе де өлең сөзді аудару тәжірибесінде түпнұсқаның мазмұны мен пішінін мейлінше дәл сақтау, өзге тілде дәл әрі көркем жеткізу аудармашыдан неше алуан тәсілдерді пайдалануды талап етеді. Түпнұсқадағы өзге тілден тікелей аударылмайтын тілдік бейнелеу құралдарына сай баламаны өзге тілдің қорынан табу, сол арқылы түпнұсқаның табиғатын өзге тілде өрнекті түрде танытудың түрлі тәсілдері Абай өлеңдерінің орыс тіліндегі аудармаларынан да байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Абай. Қара сөздері. – Алматы: Өнер, 2010. – 124 бет.
2. <http://abai-inst.kz/>